Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 мамырдағы N 377 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы* N 1332 *(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акциздеделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2000 ж., N 4, 56-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

кестеде:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "2207-ден | 80 айн. % немесе одан ** | физ. көлемі жоғары концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; этил спирті және кез келген концен- трациядағы денатурат- талған өзге де спирттер (тауар өндірушіде көрсетілген өнімді өндіру құқығына Қазақстан Республика- сының лицензиясы бол- ған кезде, алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, сон- | 400 теңге/л | 3 ЕВРО*/л |

дай-ақ белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медицина-лық мекемелерге берілетін спирттен басқа) "

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

2207 *** Денатуратталған отын физ. көлемі 0,1 теңге/л 0,1 теңге/л -ден этил спирті (этанол) (түссіз, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған) ";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"*** тауар номенклатурасы тауарлардың атауымен айқындалады.".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК